ЖШС «Самғау НРМ»
«Жұлдыз-1» балабақшасының
24.08.2026 ж №1 педегогикалық
кеңестің шешімі негізінде
БЕКІТІЛДІ
Кабдығалиева Г.К.

БАҒДАРЛАМА

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту»

Мектепалды , ересек , ортаңғы тобы

Ақтөбе 2026 ж

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«BILIM QAZYNA» КММ
«ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

Ақтобе қаласының білім бөлімінің
«14» 05 2025 ж
№ 2-06 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

БАҒДАРЛАМА
«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту»
(МАД, ересек, орта топтар)

Ақтобе 2025

Бағдарламаның негізі: «Развивающие игры В.В. Воскобовича в проектной деятельности» - В.В. Воскобович., -2023.

Құрастырушы: Сәрсенғали Ш.Ю. әдіскер

«Зере» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» бағдарламасы талқыланды және бекітілді.

Хаттама №1 «26» тамыз 2025ж

««Зере» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі _____А.Ж. Тайпетова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама №_1_ «27»_____08_____2025ж

Сараптау комиссиясының төрағасы _____М.О.Қосымбаева

(қолы) (аты-жөні)

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» вариативті бағдарламасына «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Пікір

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» бағдарламасының құрастырушысы: «Зере» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Сәрсенғали Ш.Ю.

Бағдарлама мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған заманауи білім беру ресурсы.

Бұл бағдарлама балалардың мектепке дұрыс бейімделуіне қажетті зияткерлік және когнитивтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламада логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қиял, тілдік және математикалық қабілеттерді дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар қамтылған. Тапсырмалар ойын түрінде ұсынылады, бұл балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырып, олардың ынтасын сақтауға септігін тигізеді.

Әрбір сабақ көрнекі және интерактивті элементтермен сүйемелденеді, бұл мектепке дейінгі балалар үшін аса маңызды, өйткені бұл жаста олардың назарын ұзақ уақыт ұстау қиын. Бағдарлама 3–6 жас аралығындағы балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделген және оны жеке де, топтық форматта да қолдануға болады.

Бағдарламаның өзектілігі — материалды ойын түрінде беру арқылы бала тек білім алып қана қоймай, оқу үдерісінен ләззат алады. Интерактивтілік пен тапсырмалардың алуан түрлілігі балалардың назарын сақтап, оларды белсенді түрде қатысуға ынталандырады. Жүйелілік пен бірізділік — тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай құрылып, дағдыларды кезең-кезеңімен дамытуға мүмкіндік береді, бұл балаларды артық жүктемей оқытуға жағдай жасайды. Икемділігі — бағдарламаны ата-аналар үй жағдайында да, тәрбиешілер балабақшада да пайдалана алады.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» бағдарламасы — балалардың ерте дамуына арналған сапалы, заманауи және тиімді құрал. Бұл бағдарлама ғылыми негізделген оқыту әдістері мен заманауи технологияларды ұтымды біріктіріп, ата-аналар мен педагогтер үшін пайдалы әрі өзекті құрал ретінде ерекшеленеді. Бағдарлама жоғары бағалауға лайық және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға ұсынылады.

Құрастырушы балалардың дамуы үшін келесі жұмыс түрлерін қолданады:

Логика және ойлау: Заттарды жіктеу, артықты табу, салыстыру
Құралдар: Дененің логикалық блоктары, пазлдар
Зейін:Есте сақтау ойындары, жұптарды табу
Құралдар: Мемо-карточкалар, «Не өзгерді?» жиынтықтары
Ұсақ моторика: Мүсіндеу, мозаика, бау тағу, құрылыс ойыншықтары
Құралдар: LEGO, бизибордтар
Сенсорика: Пішін, түс, өлшем, фактураны анықта.
Құралдар: Сенсорлық жәшіктер, Монтессори материалдары
Сөйлеу мен сөздік қоры: Әңгімелеу, әңгіме құрастыру, жұмбақтар
Құралдар: Лото, үстел театры, құрастырмалы бөліктер

Бұл бағдарламаны мектепке дейінгі балалардың өз бетінше және жеке жұмысын жоспарлауда қолдануға болады.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы: Рыспаева Д.Б.

Түсіндірме жазба

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың зияткерлік және когнитивтік қабілеттерін дамытуға арналған. Бағдарлама ойын арқылы логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, тілдік қабілет, ұсақ моторика және сенсорика дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Бағдарлама 3–6 жас аралығындағы балаларға арналған, әр аптада 1 сағат, жылына 108 сағат өткізіледі.

Мақсаты: Балалардың мектепке бейімделуіне қажетті интеллектуалдық, когнитивтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- ✓ Логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Зейін мен есте сақтауды дамыту;
- ✓ Ұсақ моторикасын жетілдіру;
- ✓ Сенсорлық қабылдауды кеңейту;
- ✓ Сөйлеу қабілеті мен сөздік қорын молайту;
- ✓ Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру.

Күтілетін нәтиже. Бағдарлама соңында балалар:

- ➢ заттарды салыстыру, жіктеу және талдау дағдыларын меңгереді;
- ➢ есте сақтау және зейінін шоғырландыру қабілеттерін дамытады;
- ➢ ұсақ моторикасын дамыту арқылы жазуға дайындық жасайды;
- ➢ түстерді, пішіндерді, өлшемдерді ажырата алады;
- ➢ өз ойын байланыстыра әңгімелеп жеткізуді үйренеді;
- ➢ шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Оқыту формалары мен әдістері:

- ❖ Ойын әдісі
- ❖ Практикалық тапсырмалар
- ❖ Топтық және жеке жұмыс
- ❖ Әңгімелесу, сұрақ-жауап
- ❖ Дамытушы жаттығулар

Қолданылатын құралдар:

- ▪ Логикалық блоктар, пазлдар
- ▪ Мемо-карточкалар, «Не өзгерді?» жиынтықтары
- ▪ LEGO, мозаика, бизибордтар
- ▪ Сенсорлық жәшіктер, Монтессори материалдары

Вариативті бағдарлама бойынша тақырыптық жоспарлау

Айлар	Ойын тақырыптары	МАД		
I ай (қыркүйек)	1. Заттарды жіктеу – ортақ белгісіне қарай топтастыру	+	+	+

	2. Артықты тап – артық элементті табу	+	+	+
	3. Жад ойыны – жұптарды табу (мемо-карточкалар)	+	+	+
	4. Құмдағы ойындар – сенсорлық сезімді дамыту	+	+	+
II ай (қазан)	5. Салыстыру – көлемі, пішіні, түсі бойынша	+	+	+
	6. «Не өзгерді?» – зейінді дамыту ойыны	+	+	+
	7. Мүсіндеу – ұсақ мотриканы дамыту	+	+	+
	8. Әңгіме құрастыру – сурет бойынша	+	+	+
III ай (қараша)	9. Пазлдар әлемі – логикалық байланыс орнату	+	+	+
	10. Қайталашы – есте сақтау жаттығулары	+	+	+
	11. Бау тағу – моторикаға арналған тапсырма	+	+	+
	12. Жұмбақ шешу – сөздік қорды байыту	+	+	+
IV ай (желтоқсан)	13. Фигураларды сәйкестендіру – геометриялық пішіндер	+	+	+
	14. Не жетіспейді? –	+	+	+

	зейінге арналған ойын			
	15. Мозаика құрастыру – қолдың икемділігі	+	+	+
	16. Әңгімелеу – қысқа әңгіме айту	+	+	+
V ай (қаңтар)	17. Артық сөзді тап – логикалық ойлау	+	+	+
	18. Суретті есте сақта – есте сақтау ойыны	+	+	+
	19. Құрылыс ойыншықтары – моторика	+	+	+
	20. Суретке ат қой – сөздік қор	+	+	+
VI ай (ақпан)	21. Үксастық пен айырмашылық	+	+	+
	22. «Не өзгереді?» – зейінді шоғырландыру	+	+	+
	23. Бизибордпен жұмыс – моторика	+	+	+
	24. Ертегі жалғастыр – сөйлеу	+	+	+
VII ай (наурыз)	25. Салыстыр да топтастыр	+	+	+
	26. Жұптарды табу – карточкалар	+	+	+
	27. Қағаздан бүктеу – ұсақ моторика	+	+	+
	28. Диалог құрастыру	+	+	+
VIII ай (сәуір)	29. Тізбекті аякта –	+	+	+

	логикалық ойлау			
	30. Сөзді есінде сақта	+	+	+
	31. Мүсіндер әлемі – пластилин	+	+	+
	32. Сюжеттік сурет бойынша әңгімелеу	+	+	+
IX ай (мамыр)	33. Сандық тізбек – логикалық байланыс	+	+	+
	34. Заттарды есте сақтау	+	+	+
	35. LEGO конструкторы – моторика	+	+	+
	36. Жыл бойы үйренгенімді айтып беремін – қорытынды әңгіме	+	+	+

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама. - №422 бұйрық, 2022.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – №348 бұйрық, 2022.
3. "Интеллектуальное развитие детей старшего дошкольного возраста посредством развивающих игр" (Izat, Kiyakbaeva, Bayraktar, 2023)
4. "Development of cognitive activity in preschool children through critical thinking technology" (Tuzdybayeva және басқа, 2025)
5. "The implications of educational games on the development of children's intellectual abilities" (2024, Алматы)
6. "Development of Intellectual Abilities of Preschool Children" (2023, Central Asian Journal)
7. "Развитие 4К-компетенций и интереса к книге ..." (Строкова, Куданова, 2024)
8. "The Future of Child Development in the AI Era" (Neugnot-Cerioli & Muss Laurenty, 2024)
9. "Exploring Parent's Needs for Children-Centered AI to Support Preschoolers' Interactive Storytelling" (2024)
10. "Intelligence Preschool Education System based on Multimodal Interaction Systems and AI" (Long Xu, 2024)
11. Монтессори М. Помоги мне это сделать самому. – СПб., 2003.
12. Интеллектуальные игры и развлечения для детей 8–10 летН. Ю. Анашина 2023.